**Ильясова Назгул Бултириковнаның «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған ««Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінің (XII ғасыр) лингвотекстологиясы» атты докторлық диссертациясына**

# АҢДАТПА

**Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы.** Түркі тіліндегі тарихи жазба деректер біздің заманымызға әртүрлі жазу үлгілерімен келіп жетті: руна (Орхон-Енесей), армян-қыпшақ, соғды, араб-парсы, ұйғыр т.б. Осылардың арасында орта ғасырларда араб әліпбиімен жазылған әдеби жәдігерліктер тілі ерекше орын алады.

XXI ғасырдың бас кезінде жаңа бағыт – лингвотекстологиялық, статистикалық талдау бағыты өмірге келді. Ғылым болашағы үшін авторлық варианттың маңызы зор. Түркология тарихында көне түркі, ескі түркі жазба ескерткіштерін текстологиялық тұрғыда зерттеу еңбектері көп болғанымен, лингвотекстологиялық тұрғыдан зерттеу тәжірибесі болған жоқ.

XII ғ. жәдігерлігі болып саналатын Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші – түркі дүниесінің тарихи тамыры, генетикалық коды. Сондықтан бүгінгі таңда көне ескерткіштердің лингвотекстологиясын зерттеу, оларды қазіргі түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі өзгерістермен, дамуымен сабақтастықта кешенді түрде зерделеу қажеттігі даусыз.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Лингвотекстология ғылымы зерттеу нысанына орай ауыз әдебиеті үлгілерінің лингвотекстологиясы, ежелгі дәуір әдебиетінің лингвотекстологиясы, қазіргі заман әдебиетінің лингвотекстологиясы деп бөлінеді. Шығарма стилі мен палеографиялық зерттеулер арқылы авторды анықтауға болады. Зерттеп отырған шығарма көшірмелері өте аз немесе қалып кеткен, басылымға түспеген тұстары болса, түпнұсқаны қайта қалпына келтіру мүмкін болмай қалады. Ал қазіргі лингвотекстологияның басты міндеті тұрақты мәтін (түпнұсқаға жақын вариант) қалыптастыру болып табылады.

Орта ғасыр ескерткіші авторының өз қолтаңбасымен жазған еңбегі біздің дәуірімізге келіп жетпеген. Әлемдік лингвистикада ескерткіштің жеті нұсқасы белгілі. Біз диссертациялық жұмысымызда жазба ескерткіштің үш нұсқасын негізге аламыз. Атап айтқанда, Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» дастанының Стамбул қаласында Айа-София кітапханасында сақталған белгілі каллиграф Зейнул-Абидин Джурджаний Хусейни ұйғыр жазуымен 1444 жылы көшірген қолжазбасы (А нұсқасы); Стамбул қаласында Айа-София кітапханасында сақталған Шейхзада Абдур-Раззақ бахши ұйғыр жазуымен 1480 жылы көшірген қолжазбасы (Ә нұсқасы). Бұл қолжазбада ұйғыр жазуы жолма-жол араб жазуымен транскрипцияланған; Стамбул қаласында Топ-Қапы кітапханасында сақталған бірыңғай араб жазуымен көшірілген қолжазба (Б нұсқасы). Бірақ бұл қолжазбаны қашан, қай жерде, кім жазғаны белгісіз.

Ғалымдардың жобалауынша, XIV ғасырдың аяғында, яки XV ғасырдың басында көшірілген.

Біз көшірушілердің қолынан шыққан нұсқалары бойынша әр аспектіден зерттеуде қиындық келтіретін факторлар бар екені анықталады. А, Ә, Б көшірмелерінің пайда болған мезгілдері, көшірушінің сауаттылығы мен ұқыптылығына байланысты, нұсқалардың сақталу сипатына орай көптеген фонетикалық, лексикалық және орфографиялық ерекшеліктер мен өзгешеліктер орын алған. Көшірушілер тарапынан нұсқалардың лексикалық қабатына біршама өзгерту және түзету жұмыстары жасалған. Ескерткіш мәтіні поэтикалық жанрда жазылғандықтан көшірмешілер бәйіттің тармақ санына, шумақ және ұйқасына өзгерістер енгізіп отырған.

Көшірмешілер мәтінді көшіру барысында қолданыстан шығып қалған көне сөздерді алып тастап, кірме сөздерді қосып жазуы немесе өзгертулер жасауы текстология ғылымының түрлі мәселелерінің туындауына себеп болды. Мақсатсыз түрде жасалған өзгертулер «қате» деп аталады. Бұған мәтіннің дұрыс оқылмауының әсерінен немесе баспаға терілу барысында жіберілген әріптік қателер жатқызылса, мақсатты түрде жасалған өзгертулерге белгілі бір сөздердің көнеруі, мағыналарының көмескіленуі оқырманға түсініксіз болғандықтан, көшірмеші тарапынан қосқан өзгертулерді анықтау диссертациялық жұмыстың басты өзектілігі болып табылады. Лингвотекстологиялық зерттеулердің нәтижелері ескерткіштің тарихын айқындау, барлық пайдаланылған (немесе сақталған) көшірмелерді анықтау және жариялау, көшірмелер арасындағы мазмұндық және лингвистикалық сәйкессіздіктерді сипаттау ғана емес, сонымен қатар тіл тарихының белгілі бір мәселелеріне қатысты көптеген көзқарастарды түбегейлі қайта бағалау диссертациялық жұмыстың өзектілігі болады.

Орта ғасыр әдеби ескерткіштерінің барлығы да сол дәуірде өмір сүрген халықтар тілінің оғыз-қыпшақ, қарлұқ-ұйғыр элементтерінің араласуы негізінде жазылған. Себебі сол дәуірлердегі тарихи, саяси-әлеуметтік, әскери-одақтастық, дипломатиялық, этномәдени қарым-қатынастарға байланысты оғыз тілінен қыпшақ тіліне немесе керісінше қыпшақ тілінен оғыз тіліне сөз ауыспауы мүмкін емес еді. Сол кезеңдегі халықтардың ескерткіштер тілінде қайсысының үлесі басым, қайсы тіл негізге алынған, тілдік фактілердің әр халық тіліне бөлгенде фонетикалық, лексикалық, морфологиялық нақты көріністері зерттеу ғылыми жұмыстың өзектілігін көрсетеді. Бұл сұраққа статистикалық және лингвотекстологиялық талдау арқылы ғылыми тұрғыдан саралау зерттеу жұмысының өзектілігі. Осы бағытта зерттеулер жүргізу біздің диссертациялық жұмысымыздың негізгі міндеттерін құрайды.

**Ғылыми зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері мен зерттелу деңгейі.** Көне және орта ғасырлық қолжазбаларды зерттеу бойынша отандық (М. Томанов, Ж. Аралбаев, Ғ. Айдаров, Ә.Т. Қайдар, Р.Ғ. Сыздық, Б. Сағындықұлы, Ә. Құрышжанов, Ә. Ибатов, Ж.Қ. Түймебаев, А.Б. Салқынбай, М.Б. Сабыр, Р.Ә. Авакова, Б.Р. Құлжанова, Р.Д. Досжан, Б.М. Сүйеркүл, С.Қ.Тәшімбай, Г.Ж. Баялиева,) және шетелдік ғалымдардың (М. Қашқари,

Г. И. Рамстедт, В. Котвич, Э.Н. Наджип, Е.И. Фазылов, Н.А. Баскаков, Э.Р. Тенишев, С.Е.Малов, Е.Э. Бертельс, М. Көпрүлү, В. Радлов, Э.С. Севортян, Н. Гаджиева, А.М. Щербак, А.Н. Кононов, Н. Асым, Р.Р. Арат, Қ. Махмудов, С. Чакмак, Y. Карул) еңбектерінің әдіснамасы басшылыққа алынды.

**Зерттеудің негізгі мақсаты.** Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайық» (XII ғ.) дастанын лингвотекстологиялық және статистикалық аспектіде зерттеу.

**Зерттеу жұмысының нысаны** – Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайық» ескерткішінің (XII ғасыр) көшірмелері, Р. Арат және М. Махмудов жасаған транскрипциялар. Б. Сағындықұлының «Һибат-ул хақайық» ескерткішіне жасаған сыни (тұрақты) мәтіні.

**Зерттеу жұмысының пәні** – Көне түркі жазба ескерткішінің тарихи фонетикасы, тарихи лексикологиясы және тарихи морфологиясы.

**Зерттеу дереккөздері.** Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайық» А, Ә, Б нұсқаларындағы 3000-ға жуық тілдік бірлік іріктеліп алынды. Сонымен қатар, Р. Арат, Қ. Махмудов жасаған транскрипциялар және профессор Б. Сағындықұлы құрастырған **авторлық вариант** (сыни, тұрақты мәтінде) пайдаланылады.

**Зерттеудің ғылыми жаңалықтары.** Зерттеу жұмысының нәтижелері қазіргі түркі тілдерінің тарихы, тарихи лингвотекстологиясының теориялық мәселелерін нақты тілдік деректермен толықтырады. Зерттеудегі ғылыми жаңалықтар қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайық» (XII ғ.) дастаны теориялық тұрғыда алғаш рет лингвотекстологиялық және статистикалық аспектіде зерттелді;
- «Һибат-ул хақайық» ескерткішіндегі мазмұны бұрмаланған бәйіттер лингвотекстологиялық талдау негізінде қалпына келтірілді;
- «Һибат-ул хақайық» ескерткішінде оғыз-қыпшақ тілінің лексикасы қарлұқ-ұйғыр тілінің грамматикалық формалары арқылы берілгендігі анықталды;

ескерткіш тіліндегі қыпшақтық, оғыздық, қарлұқтық элементтер ажыратылып, тарихи фактілермен дәлелденді;

- «Һибат-ул хақайық» ескерткішінің жетінші нұсқасы туралы деректер қазақ тіл білімінде алғаш рет сипатталды;
- диссертацияда «Һибат-ул хақайық» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларындағы сөз таптарының қолданысына кешенді түрде зерттеу жүргізіліп, тұңғыш рет статистикалық сипаты сараланды.

**Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын тұжырымдары.** Зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми жаңалықтарға сүйене отырып, қорғауға төмендегідей тұжырымдар ұсынылады:

1. Түрколог ғалымдар Р. Арат, Қ. Махмудовтың ескерткіш тіліне жасаған транскрипцияларын және Б. Сағындықұлы жасаған авторлық нұсқаны (сыни, тұрақты мәтінді) оғыз-қыпшақ тілінің көне формасы деп тануға ескерткіш тіліне лингвотекстологиялық және статистикалық талдау жүргізу арқылы көз жеткізуге болады. Зерттеу нәтижелері көне түркі және орта ғасыр ескерткіштерінің барлық нұсқалары бойынша авторлық нұсқаны қалпына келтіруде тың деректер болып табылады.

2. Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайық» ескерткіші нұсқаларының көшірмелерін өзара салыстырылды, ұқсастық және айырмашылықтары айқындалды;

3. «Һибат-ул хақайық» ескерткіші А, Ә, Б нұсқалары көшірмелеріндегі лексикалық, фонетикалық және орфографиялық ерекшеліктерді саралау, ескерткіш тілінің сол дәуірде өмір сүрген халықтардың тіліне қатысын анықтауға көмектесетін дауысты және дауыссыз дыбыстар сәйкестіктерін талдаудың нәтижесі ескерткіш тілінде оғыз тілі элементтерінің басымдығын көрсетеді;

4. «Һибат-ул хақайық» ескерткіші тіліне лингвотекстологиялық және статистикалық талдау жүргізудің нәтижесі көне қыпшақ сөздері және көне қыпшақ фразеологизмдері ескерткіштің қолжазба нұсқаларынан мақсатты түрде ығыстырылғандығын, бірқатар оғыз сөздері де алмастырылғандығын көрсетеді;

5. Һибат-ул хақайық» ескерткішіндегі мазмұны бұрмаланған бәйіттерді лингвотекстологиялық талдау негізінде қалпына келтіру барысында көне қыпшақ тілін білмегендіктен яки түсінбегендіктен көшірмешілер бір алуан бәйіттердің идея-мазмұны бұрмалап, мүлдем өзгертіп жібергендігі анықталды.

6. «Һибат-ул хақайық» ескерткіші тіліне морфологиялық аспектіде талдау жүргізудің нәтижесі дастандағы оғыз-қыпшақ тілі лексикасы қарлұқ-ұйғыр тілінің грамматикалық формалары арқылы берілгендігін, дастан қолжазбаларында таза оғыздық-қыпшақтық грамматикалық белгілердің сақталғандығын айқындайды. «Һибат-ул хақайық» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларындағы сөз таптар қолданысы оғыз тілі сөздерінің жалпы түркі сөздерімен немесе араб-парсы сөздерімен ауыстырылуының негізгі себептерін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеудегі статистикалық талдаулар «оғыз-қыпшақ аралас тілінде жазылған» деген ғылыми болжамның нақтылығын көрсетіп, жазба ескерткіштер тілін жүйелі талдауға көмектеседі.

**Зерттеу жұмысының теориялық маңызы.** Диссертацияда орта ғасыр ескерткішінің қолданбалы мәтінін зерделеуде, талдауда пайдаланылған теориялық тұжырымдар, тіл тарихы, тарихи грамматика, тарихи лексикология, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын және лингвотекстологиясын зерттеу жұмыстарына өзіндік үлесін қосады. Орта ғасыр жазба ескерткіштер тілінің араб және көне ұйғыр нұсқаларын өзара салыстырып, ондағы қолданылған тілдік элементтерге статистикалық салыстырулар жүргізу бойынша тілдік элементтердің қыпшақтық немесе оғыздық тілдер тобына қатысын ажыратып, қолдану жиілігін текстологиялық тұрғыдан анықтауға көмектеседі. Қыпшақ тобындағы тілдерге тән фонетикалық ерекшеліктерге қатысты пайымдаулар, салыстырмалы фонетика, лексикология салаларын дамытуға септігін тигізсе, морфологиялық топтарға жасалған статистикалық талдаулар, «оғыз-қыпшақ аралас тілінде жазылған» деген ғылыми болжамның нақтылығын көрсетіп, жазба ескерткіштер тілін жүйелі талдауға көмектеседі.

**Зерттеу жұмысының практикалық маңызы.** Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен ғылыми тұжырымдарды жоғарғы оқу орындарында

салыстырмалы-тарихи грамматика, түркітанудың теориялық және практикалық негіздерін оқытуда, орта ғасыр ескерткіштерінің тілі, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы салалары бойынша оқылатын дәрістерде, арнайы курстарда қолдануға болады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері көне түркі және орта ғасыр ескерткіштерінің барлық нұсқалары бойынша авторлық нұсқаны қалпына келтіруде тың деректер болып табылады.

**Зерттеудің жарияланымы мен мақұлдауы.** Зерттеуден алынған негізгі нәтижелер бойынша 11 мақала жарық көрді. 4 мақала - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған журналдарда; 1 мақала - SCOPUS компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналдарда; 6 мақала - отандық және халықаралық конференция жинақтарында жарияланған. Докторлық диссертацияның мазмұны Түркияда шығатын Scopus тізіміне енген Joural of language and linguistic studies журналына, ҚР БҒБ Білім және Ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда: «Текстология ғылымының өзекті мәселелері» //ҚазҰУ Хабаршысы. - №2 (170) – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 102-109 бб, «Phonetik, morphological, semantic differences betweenthe vocabulary of «hibat-ul-haqayiq and Kazakh language»» // ҚазҰУ Хабаршысы. - №4 (172). – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 63-68 бб, «Phono-morpho-semantic develop, ment of names associated with the human body» //ҚазҰУ Хабаршысы. - №4 (176). – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 137-141 бб, «Түркі тілдері лексикасын зерттеудің аспектілері»// Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысының Филология сериясы. - №4 (176). – Астана, 2024 ж тақырыптары бойынша жарық көрген мақалаларда берілді.

**Диссертацияның құрылымы.** Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.